

СОТ АҚПАРАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

**FRIEDRICH
EBERT 
STIFTUNG**

ФРИДРИХ ЭБЕРТ АТЫНДАҒЫ ҚОРДЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

Сот ақпаратына қол жеткізу
Журналистерге көмекші құрал

Нұр-Сұлтан 2022

«Правовой медиа-центр» ҚҚ – БАҚ редакцияларының құқығын қорғау және журналистерге құқық жағынан көмек көрсету, сөз бостандығына және ақпаратқа қол жеткізу құқығын жүзеге асыруға көмектесу, ақпараттық заңнаманы әзірлеуге қатысуды басты мақсаты ететін бейкоммерциялық ұйым.

Байланыстар:

Нұр-Сұлтан, Отырар к. 15 – 504,

+7 717 242 44 32

mediastana@gmail.com

МАЗМҰНЫ

Сот процесі: Журналист нені білуі керек?	4
Журналистің сот процесіндегі жүріс-тұрыс алгоритмі	22
Этикалық нормалар (жобасы)	34
Халықаралық этика нормалары	44
ҚР нормативтік базасы	52

СОТ ПРОЦЕСІ: ЖУРНАЛИСТ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Қымбатты достар!

Қолыңыздағы оқу құралы сот процесі жайында шынайы және объективті ақпарат алғысы келетін журналистер үшін арнайы даярланған. Брошюрадан қай процесс жабық өтетіні, бейнеге (видеоға) түсіруге тыйым салса не істеу керегі, сот отырысы залынан заңсыз шығарып жіберсе не істеу керегі, шағым беру жолдары туралы және басқа да көптеген сұрақтарға жауап табасыз. Сондай-ақ сот отырысын баяндаудың этикалық қырларын да қарастыруға тырыстық.

Бұл оқулық журналистерге пайдалы боларына және кәсіптік қызмет барысында көмегі тиетін практикалық ақпарат бере аларына шын көңілден сенеміз.

Неше сот сатысы бар?

Бірінші саты – істі мәні бойынша қарау сатысы (аудандық және оған теңестірілген соттар – ауданаралық, қалалық, мамандандырылған соттар).

Екінші саты – апелляциялық саты (заңды күшіне енген шешімдер мен үкімдердің бәрі қаралатын облыстық және оған теңестірілген соттар).

Үшінші саты – кассация (ҚР Жоғарғы соты).

Сот процесінің қандай түрлері бар?

Сот процесі қаралып жатқан істің санатына байланысты ашық немесе жабық өтуі мүмкін.

Судья процесі бастар алдында қай іс қаралатынын және қай режимде – ашық немесе жабық режимде – қаралатынын хабарлауға тиіс.

ПРОЦЕСС АШЫҚ БОЛСА, сот отырысы залына журналистер де, қатысуға тілек білдіргендердің бәрі де кіруге құқылы.

ПРОЦЕСС ЖАБЫҚ БОЛСА, сот уәжді ұйғарым шығарып, себебін (мемлекеттік құпия, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заң аясында қорғалатын басқа да құпия т.б.) көрсетуге және іске қатыспайтын адамдардың залдан шығып кетуін сұрауға тиіс. Мұның бәрі сот отырысы хаттамасына енгізіледі.

Жабық сот отырысын өткізу мәселесі әр нақты жағдайға қарай шешіледі.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Сот отырысы залындағылардың бәрі судьяның сот отырысы тәртібін сақтау туралы өкіміне бағынуға тиіс.

Журналист сот процесін баяндау кезінде кінәсіздік презумпциясын сақтауы керек.

АЙРЫҚША ЖАҒДАЙЛАР

Жабық сот отырысында қаралған істер бойынша үкімнің кіріспе және қарар бөліктері ғана көпшілік алдында жария етіледі.

Азаматтық істер бойынша мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар шешім жабық сот отырысында жариялануы мүмкін.

Азаматтық процесті баяндау

Журналистің сот талқылауы барысын залда отырған орнынан жазбаша немесе аудиожазба көмегімен жазып алуға құқығы бар.

Сот талқылауы барысында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция жүргізуге іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып соттың рұқсаты керек.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Бейнежазба жасауға байланысты әрекеттер сот отырысының қалыпты өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс. Одан бөлек, бейнежазбаға уақыт жағынан шектеу қойылуы мүмкін.

Жабық процесс өткізу негіздері:

- Іс материалдарында мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтер болса;
- Сот іске қатысушы адамның бала асырап алу құпиясын, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заң аясында қорғалатын өзге де құпияны, азаматтардың өмірінің жеке қырлары туралы мәліметті сақтауды қамтамасыз ету қажет екені туралы өтінішхатын қанағаттандырса немесе ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса.

ЖАБЫҚ ПРОЦЕСС ӨТКІЗУ НЕГІЗДЕРІ



Іс материалдарында мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтер болса;



Сот іске қатысушы адамның бала асырап алу құпиясын, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заң аясында қорғалатын өзге де құпияны, азаматтардың өмірінің жеке қырлары туралы мәліметті сақтауды қамтамасыз ету қажет екені туралы өтінішхатын қанағаттандырса немесе ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса.

Азаматтардың ашық сот талқылауы залына кіруі

Сот талқылауы залына іске қатысатын немесе кәугер емес он алты жасқа толмаған азаматтардан өзге адамдардың кіруіне қандай да бір себеппен ешбір шектеу жоқ. Ашық сот отырысына қатысуға тілек білдірушілердің бәрін кіргізу мәселесі сот отырысы залына қанша адам сыятынын ескере отырып шешіледі.

Тәртіп бұзылған жағдайда

Сот отырысы залындағы тәртіпті бұзу деп бағалануы мүмкін мінез-құлықты ескеру қажет.

Судья тәртіп бұзған адамға алдымен ескерту жасайды (бұл іске қатыспайтын және сот отырысы залында қатысып отырған адамдарға қатысты). Судьяның қайталап тәртіп бұзған адамды залдан шығарып жіберуге құқығы бар.

Әкімшілік процесті баяндау

Әкімшілік сот өндірісінің жариялығы ережелері азаматтық процестің жариялығына ұқсайды.

Сот талқылауы барысын залда отырған орнынан жазбаша немесе аудиожазба көмегімен жазып алуға болады.

Сот талқылауы барысында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетранс-

ляция жүргізуге іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып соттың рұқсаты керек.

ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСТІ БАЯНДАУ



Әкімшілік сот өндірісінің жариялығы ережелері азаматтық процестің жариялығына ұқсайды.

Сот талқылауы барысын залда отырған орнынан жазбаша немесе аудиожазба көмегімен жазып алуға болады.

Сот талқылауы барысында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция жүргізуге іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып соттың рұқсаты керек.

Жабық әкімшілік процесін өткізу негіздері:

- Іс материалдарында мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтер болса;;
- Сот іске қатысушы адамның бала асырап алу құпиясын, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заң аясында қорғалатын өзге де құпияны, азаматтардың өмірінің жеке қырлары туралы мәліметті сақтауды қамтамасыз ету қажет екені туралы өтінішхатын қанағаттандырса немесе ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса.

Жеке хат жазысу және өзге де жеке хабарлар өзара хат жазысқан және осы жеке хабарлар өздеріне қатысты адамдардың келісімімен ғана ашық сот отырысында жария етілуі мүмкін. Мұндай келісім болмаған жағдайда хат жазысу мен хабарлар жабық сот отырысында жария етіледі және зерттеледі. Көрсетілген қағидалар жеке сипаттағы мәліметтер бар фото және киноқұжаттарды, аудио, бейнежазбаларды зерттеу кезінде де қолданылады.

Қылмыстық процесті баяндау

Сот залына кіруге және отырған орныңыздан сот отырысын ТЕК жазбаша жазып алуға құқығыңыз бар.

Сот отырысы залында фотосурет түсіруге, дыбыс, бейнежазуды қолдануға және киноға түсіруге процеске қатысушылардың келісімімен және судьяның рұқса-


тымен жол беріледі. Осы әрекеттер сот талқылауының қалыпты барысына кедергі келтіруі мүмкін болса ғана шектеледі.

Жабық қылмыстық процесс өткізуге негіздер:

- мемлекеттік құпияларды және заң аясында қорғалатын өзге де құпияны қорғау қажет болса;
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзуы туралы істер бойынша;
- жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және іске қатысатын адамдардың өмірінің интим тұстары туралы мәліметтердің жария етілуіне жол бермеу мақсатында;
- жәбірленушінің, куәгердің немесе іске қатысатын өзге де адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мүдделері талап ететін жағдайларда;
- қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген шағымдарды тергеу судьясы қараған жағдайда;
- қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген, тергеу судьясы шешетін шағымдар да жабық сот отырысында қаралады.

ЖАБЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС ӨТКІЗУГЕ НЕГІЗДЕР

- мемлекеттік құпияларды және заң аясында қорғалатын өзге де құпияны қорғау қажет болса
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзуы туралы істер бойынша
- жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және іске қатысатын адамдардың өмірінің интим тұстары туралы мәліметтердің жария етілуіне жол бермеу мақсатында
- жәбірленушінің, куәгердің немесе іске қатысатын өзге де адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мүдделері талап ететін жағдайларда
- қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген шағымдарды тергеу судьясы қараған жағдайда;
- қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген, тергеу судьясы шешетін шағымдар да жабық сот отырысында қаралады.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Сот талқылауының жариялығын шектеу сот отырысының бүкіл кезеңіне немесе жоғарыда көрсетілген мән-жайлар зерттелетін бөлігіне қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық процесс жүріп жатқан сот залынан тәртіпті сақтамағаныңыз үшін алдын ала ескертусіз шығарып жіберуі мүмкін.

Сот актілерінің дұрыс атауы қандай?

Сот актілері нақты атауына қарамастан, «сот қаулысы» болып саналады..

Сот қаулыларының түрлері

- Қылмыстық істер бойынша бірінші сатыдағы сот үкім (айыптау немесе ақтау) шығарады.
- Азаматтық іс бойынша – шешім шығарады.
- Апелляциялық, кассациялық сатылар ұйғарым мен қаулы нысанындағы сот актісін шығарады.

СОТ ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ:



Қылмыстық істер бойынша бірінші сатыдағы сот үкім (айыптау немесе ақтау) шығарады.



Азаматтық іс бойынша – шешім шығарады.



Апелляциялық, кассациялық сатылар ұйғарым мен қаулы нысанындағы сот актісін шығарады.

Кінәсіздік презумпциясы деген не?

Кінәсіздік презумпциясына сәйкес соттың үкімінсіз және заңға сәйкес емес түрде ешкімді де қылмыстық құқық бұзу жасауға кінәлі деп тануға, сондай-ақ қылмыстық жазаға тартуға болмайды.

Кінәсіздік презумпциясының бірқатар аспектілері бар:

- кез келген күмән айыпталушының пайдасына түсіндіріледі;
- адамның кінәлі екенін дәлелдеу ауыртпалығы айыптау тарапына жүктеледі;
- айыпталушы өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге құқылы;
- айыпталушыны өзіне немесе жақын туыстарына қарсы айғақтар беруге мәжбүрлеуге жол берілмейді, сондай-ақ үнсіздік сақтауына құқығы бар;
- айыптау үкімін болжамдарға сүйеуге болмайды;
- айыпталушы оның ісі бойынша соттың айыптау үкімі күшіне енгенге дейін кінәсіз болып саналады.

«ҚЫЛМЫС» пен «ҚҰҚЫҚ БҰЗУ» ұғымдарының айырмашылығы неде?

Құқық бұзудың бәрі қылмыс пен теріс қылық болып бөлінеді.

Қылмыстың теріс қылықтан айырмашылығы – іс-әрекеттің келтірген зиянының дәрежесі мен көлеміне қарай болатын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты.

Қылмыстың (қоғамға қауіпті іс-әрекеттің) мүлікке тигізген ірі залалы, азаматтардың, ұйымдардың және жалпы қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзу сияқты салдары болады.

Теріс қылық – қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекет.

Қылмыстың құрамы тек Қылмыстық кодексте қарастырылған, ал басқа құқық бұзу белгілері – басқа заңдар мен нормативті актілердің нормаларында да қарастырылған.

Қылмыстың басқа құқық бұзудан тағы бір айырмашылығы – құқықтық салдарының айрықша түрі – сотталғандық.

«ҚЫЛМЫС» ПЕН «ҚҰҚЫҚ БҰЗУ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?



Қылмыстың (қоғамға қауіпті іс-әрекеттің) мүлікке тигізген ірі залалы, азаматтардың, ұйымдардың және жалпы қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзу сияқты салдары болады.

Теріс қылық – қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекет.

Сот материалдарын дайындау барысында қай терминдерді білу керек?

Күдікті – өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы прокурормен келісілген қаулы шығарылған адам.

Айыпталушы – өзіне қатысты айыптау актісі шығарылған және айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы бекітілген адам.

Сотталушы – өзіне қатысты қылмыстық іс бойынша сот талқылауы тағайындалған айыпталушы.

Сотталған адам – өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы.

Ақталған адам – өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы.

Жәбірленуші – ар-ожданына, тәніне немесе мүлкіне зиян келтірілді деп пайымдауға негізі бар тұлға.

Құпияның түрлері қандай?

Ақпарат ашық (жалпыға бірдей қолжетімді) және қол жеткізу шектелген (құпия, қызмет бабында пайдалану үшін) болып бөлінеді.

ТАРАЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН АҚПАРАТ ТҮРЛЕРІ:



Мемлекеттік құпиялар;



Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар қызметтік ақпарат;



Жеке бастың, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заң аясында қорғалатын өзге де құпиялар.

Таралуы шектелген ақпарат түрлері:

- мемлекеттік құпиялар;
- «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар қызметтік ақпарат;
- жеке бастың, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заң аясында қорғалатын өзге де құпиялар.

Заң аясында қорғалатын құпияларға мысалдар

Қазылар кеңесінің құпиясы немесе кеңесу бөлмесінің құпиясы

Кеңесу бөлмесінің құпиялығын қамтамасыз ету үшін кеңесу бөлмесінде сот талқылауын жүргізетін сот құрамынан өзге ешкімнің қатысуға құқығы жоқ. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайда қамтамасыз етілуге тиіс.

Кеңесу бөлмесінде болған нәрсе туралы ақпарат жарияланбайды. Кеңесу бөлмесіне кіруге кез келген ұмтылыс заңсыз болады, сотты құрметтемеу ретінде бағаланады және ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653-бабы бойынша жазаланады.

Журналистік құпия (авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы)

Журналистің авторлық және ақпарат көздерінің құпиясын сақтауға, мысалы, ақпарат көзі құпиялығын сақтауға өтініш білдірсе, оның аты-жөнін; ақпарат көзі берген ақпаратты жариялау сол ақпарат көзіне қауіпті жағдай тудыруы мүмкін болса, жарияламауға құқығы бар.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жекелеген жағдайда құпиялар соттың талап етуімен жарияланады.

Адвокаттық құпия

Адвокаттық құпияға адвокатқа өтініш жасау фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғамен және басқа да тұлғалармен ауызша және жазбаша келіссөз мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүддесіне сай жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат жатады.

Адвокаттар заң көмегін көрсетуге байланысты алынған қандай да бір мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдалануға құқылы емес.

Адвокаттық құпияға жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның келісімінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады. Адвокаттық құпияны сақтау міндетінің мерзіміне шектеу қойылмайды.

Тергеу құпиясы (ҚР ҚПК)

Тергеу құпиясы – анықтау немесе алдын ала тергеу органының мәліметтері туралы ақпарат және ол заң аясында қорғалады, себебі оны жариялау объективті ақиқатты анықтауды қиындатады немесе мүмкін емес етеді. Деректер тергеп-тексеру мүддесіне қайшы келмесе және өзге тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін.

Егер адамға сотқа дейінгі өндіріс деректерін жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертілген болса және ол прокурордың немесе сотқа дейінгі іс жүргізуді жүргізіп отырған адамның рұқсатынсыз жария еткен болса, сотқа дейінгі өндіріс деректерін жария еткені үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

ЖУРНАЛИСТІҢ СОТ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЖҮРІС- ТҰРЫС АЛГОРИТМІ

<p><i>Соттың алдын ала рұқсатынсыз не істеуге болады?</i></p>	<p>Азаматтық немесе әкімшілік процесте: жазбаша жазып алу, аудиожазба жүргізу. Қылмыстық процесте: сот отырысын тек жазбаша жазып алу.</p>
<p><i>Тек соттың рұқсатымен не істеуге болады?</i></p>	<p>Фото түсіруге; Бейнежазба жасауға; Киноға түсіруге; Сот отырысынан радио және телетрансляция жүргізуге.</p>
<p><i>Сотта жазба жасаудың қандай қағидалары бар?</i></p>	<p>Сот ғимаратының өзінде фото және бейнежазба жасауға болады. Сот талқылауы барысында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция жүргізуге іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып соттың рұқсаты керек.</p>
<p><i>Қай жағдайда журналисті сот отырысы залынан шығарып жіберуі мүмкін?</i></p>	<p>Сот отырысына қатысып отырған азаматтар (оның ішінде журналистер) сот отырысы залынан жабық сот отырысы өтетін уақытқа ғана шығарылады (бұл бүкіл сот процесі де, бір немесе бірнеше сот отырысы да болуы мүмкін). Сондай-ақ тәртіп сақтамағаны үшін шығарылуы мүмкін.</p>
<p><i>Судья сот отырысына не мақсатпен қатысып отырғаныңызды түсіндіруді талап етсе не істеу керек?</i></p>	<p>Орныңыздан тұрып, не мақсатпен қатысып отырғаныңызды түсіндіруіңіз керек. Қандай да бір себеппен сотқа журналист екеніңізді айтқыңыз келмесе, мынадай сөзбен жауап беруге болады: «... (үйрену, бақылау) үшін ашық сот процесінің өту қағидаларымен танысу».</p>

<p><i>Судья аккредитацияңызды көрсетуді талап етсе не істеу керек?</i></p>	<p>Заң бойынша сот отырысына қатысу үшін аккредитация керек емес. Судьяның әрекетіне шағым жасауға құқығыңыз бар.</p>
<p><i>Судья азаматтық процессте жазбаша және аудиожазба жүргізуді тоқтатуды талап етсе не істеу керек?</i></p>	<p>Орныңыздан тұрып, ашық сот процесінде жазбаша және аудиожазба жүргізуге арнайы рұқсат керек емес екенін түсіндіруіңіз керек. Судья жауабыңызға қанағаттанбаса және жазба жүргізуді бәрібір тоқтатуды талап етсе былай істей аласыз: судьяның әрекеті дұрыс емес екеніне сенімді болсаңыз да, онымен дауласудың қажеті жоқ. Мұндай мәселенің бәрін сот отырысынан тыс жерде шешкен жөн. Бірақ судьяның бұл әрекеті ақпарат іздеуге деген конституциялық құқығыңыз бен сот процесінің жариялығын бұзып тұрғаны есіңізде болсын.</p>
<p><i>Судья сот отырысы залынан шығуыңызды талап етсе не істеу керек?</i></p>	<p>Залдан өз бетіңізбен шыққаныңыз жөн. Судьямен ешқашан дауласпаңыз, себебі судья мұныңызды сот отырысы тәртібін бұзу немесе судьяның өкімін орындамау деп санауы мүмкін. Судьяның әрекетін заңсыз деп санасаңыз, сот залынан шыққаннан кейін оның әрекетіне шағым жасай аласыз. Шағымды жоғары тұрған лауазымды тұлғаға – соттың төрағасына жолдауыңызға болады. Шағым еркін түрде жазылады (үлгісі қосымшада).</p>
<p><i>Журналиске қай жағдайда тергеу судьясының жұмысын баяндауға тыйым салынуы мүмкін?</i></p>	<p>Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге болмайтын және прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін жағдайда. Мысалы, тергеу судьясы кімге қатысты тінтуді санкциялағанын немесе жәбірленуші қандай айғақ бергенін жария етуге құқығы жоқ.</p>

<p><i>Процестің жариялығын шектеу туралы сот ұйғарымына шағым жасауға бола ма?</i></p>	<p>Сот талқылауының жариялығын шектеу туралы сот ұйғарымына жеке шағым түсірілмейді, бірақ тараптардың сол ұйғарымға қарсылығын соттың шешіміне берілген апелляциялық шағымға немесе наразылыққа қосуға болады.</p>
<p><i>Журналист сотта фото түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция немесе интернетте бейнетрансляция жүргізуге өтініш бере ала ма?</i></p>	<p>Мысалы, жариялықты шектеу туралы және кино мен фото түсіруге, бейнежазба жасау, тікелей радио және телетрансляция жүргізу т.б. туралы өтінішті процеске қатысушылар (тараптар) ғана бере алады. Журналист процеске қатысушы тарап болып саналмайды, сондықтан ондай өтініш беруге құқығы жоқ.</p>
<p><i>Судья өзі қарап жатқан іс бойынша түсінік пен түсіндірме бере ала ма?</i></p>	<p>Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Дегенмен судья журналиске істі қараудың процесік кезеңі туралы мәлімет бере алады. Сот актісіне түсіндірме беру қажет болса, судья-координатор БАҚқа немесе соттың баспасөз қызметі арқылы түсіндірме бере алады.</p>
<p><i>Адвокаттың түсіндірмесі керек болса не істеу керек?</i></p>	<p>Іс ашық сот отырысында қаралып жатса, журналист адвокаттан түсіндірме сұрай алады. Сондай-ақ процесс барысында жасалған өтініштерге, сараптама нәтижелеріне, куәлардан, жәбірленушіден жауап алуға, сот актісін даулаудың кезеңдері мен негізіне т.б. қатысты түсіндірме сұрай алады. Адвокат журналиске құжатталған ақпаратты (процестің аудио-жазбасын, сот актісін, өз өтініш хатын, сот отырысы хаттамасын т.б.) ұсына алады, бірақ адвокат клиенті үшін тиімді ақпаратты ұсынуға мүдделі тұлға екені есіңізде болсын.</p> <p>Журналист сот процесін баяндаған кезде айыптаушы тарап пен қорғалушы тарапты тепе-тең ұстауға тиіс, әйтпесе материалы сотқа қысым көрсету ретінде бағалануы мүмкін.</p>

<p><i>Сот актісін қай ашық көзден алуға болады?</i></p>	<p>Сот актілері банкісі (http://sud.gov.kz/rus/content/bank-sudebnyhaktov) және сот кабинеті (http://office.sud.kz/forumtaldau/forum.xhtml). Бұл сайтта азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот актілері; бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттар қабылдаған сот актілері жарияланады.</p>
<p><i>Сот актілері банкісінде сот актісін таба алмасаңыз не істеу керек?</i></p>	<p>Соттың сот архивіне жүгінуіңіз керек. Ол үшін істі қараған соттың төрағасының атына сот актісін алу туралы сауал жолдауыңыз керек.</p>
<p><i>Интернет ресурста сот актілерінің бәрі жариялана ма?</i></p>	<p>Заңды күшіне енген сот актілері интернет ресурста осы баптың екінші бөлігінде және «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Жеке мәліметтер мен оларды қорғау туралы» және т.б. заңдарда көрсетілген шектеулерді ескере отырып жарияланады.</p>
<p><i>БАҚ-та балалар туралы ақпарат таратудың қандай қағидалары бар?</i></p>	<p>Редакция мына нәрселерді: құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен немесе әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзу жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандардың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз тікелей немесе жанама көрсететін мәліметтерді жария етуге құқылы емес. Бұл норма ата-аналары және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасауда сот кінәлі деп таныған кәмелетке толмағандарға тарамайды.</p>

<p><i>Қылмыстың құрбаны туралы мәліметті оның келісімінсіз және «қоғам мүддесі» бар екенін біле тұра таратудың салдары қандай болуы мүмкін?</i></p>	<p>Жеке өмірге қолсұғылмаушылық бұзылғаны туралы, әсіресе жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс туралы болса, талап қоюы мүмкін.</p>
<p><i>Адамды сот үкімі шыққанға дейін қылмыскер деп атаса, ал апелляция ол адамды ақтаса, салдары қандай болуы мүмкін?</i></p>	<p>Ар-намысын, қадір-қасиетін, іскерлік беделін қорғау туралы, моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюы мүмкін.</p>

ЖУРНАЛИСТІҢ СОТ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЖҮРІС-ТҰРЫС АЛГОРИТМІ

Соттың алдын ала рұқсатынсыз не істеуге болады?

Азаматтық немесе әкімшілік процесте:



Жазбаша жазып алу, аудиожазба жүргізу

Қылмыстық процесте:



Сот отырысын тек жазбаша жазып алу

Тек соттың рұқсатымен не істеуге болады?



Фото түсіруге



Бейнежазба жасауға



Киноға түсіруге



Сот отырысынан радио және телетрансляция жүргізуге

Сотта жазба жасаудың қандай қағидалары бар?



Сот ғимаратының өзінде фото және бейнежазба жасауға болады



Сот талқылауы барысында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция жүргізуге іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып соттың рұқсаты керек

Қай жағдайда журналисті сот отырысы залынан шығарып жіберуі мүмкін?



Сот отырысына қатысып отырған азаматтар (оның ішінде журналистер) сот отырысы залынан жабық сот отырысы өтетін уақытқа ғана шығарылады (бұл бүкіл сот процесі де, бір немесе бірнеше сот отырысы да болуы мүмкін). Сондай-ақ тәртіп сақтамағаны үшін шығарылуы мүмкін.

Судья сот отырысына не мақсатпен қатысып отырғаныңызды түсіндіруді талап етсе не істеу керек?



Орныңыздан тұрып, не мақсатпен қатысып отырғаныңызды түсіндіруіңіз керек. Қандай да бір себеппен сотқа журналист екеніңізді айтқыңыз келмесе, мынадай сөзбен жауап беруге болады: «... (үйрену, бақылау) үшін ашық сот процесінің өту қағидаларымен танысу».

Судья аккредитацияңызды көрсетуді талап етсе не істеу керек?



Заң бойынша сот отырысына қатысу үшін аккредитация керек емес. Судьяның әрекетіне шағым жасауға құқығыңыз бар.

Судья азаматтық процесте жазбаша және аудиожазба жүргізуді тоқтатуды талап етсе не істеу керек?



Орныңыздан тұрып, ашық сот процесінде жазбаша және аудиожазба жүргізуге арнайы рұқсат керек емес екенін түсіндіруіңіз керек. Судья жауабыңызға қанағаттанбаса және жазба жүргізуді бәрібір тоқтатуды талап етсе былай істей аласыз: судьяның әрекеті дұрыс емес екеніне сенімді болсаңыз да, онымен дауласудың қажеті жоқ. Мұндай мәселенің бәрін сот отырысынан тыс жерде шешкен жөн. Бірақ судьяның бұл әрекеті ақпарат іздеуге деген конституциялық құқығыңыз бен сот процесінің жариялығын бұзып тұрғаны есіңізде болсын.

Судья сот отырысы залынан шығуыңызды талап етсе не істеу керек?



Залдан өз бетіңізбен шыққаныңыз жөн. Судьямен ешқашан дауласпаңыз, себебі судья мұны-ңызды сот отырысы тәртібін бұзу немесе судьяның өкімін орындамау деп санауы мүмкін. Судьяның әрекетін заңсыз деп санасаңыз, сот залынан шыққаннан кейін оның әрекетіне шағым жасай аласыз. Шағымды жоғары тұрған лауазымды тұлғаға – соттың төрағасына жолдауыңызға болады. Шағым еркін түрде жазылады (үлгісі қосымшада).

Журналиске қай жағдайда тергеу судьясының жұмысын баяндауға тыйым салынуы мүмкін?



Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге болмайтын және прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін жағдайда. Мысалы, тергеу судьясы кімге қатысты тінтуді санкциялағанын немесе жәбірленуші қандай айғақ бергенін жария етуге құқығы жоқ.

Процестің жариялығын шектеу туралы сот ұйғарымына шағым жасауға бола ма?



Сот талқылауының жариялығын шектеу туралы сот ұйғарымына жеке шағым түсірілмейді, бірақ тараптардың сол ұйғарымға қарсылығын соттың шешіміне берілген апелляциялық шағымға немесе наразылыққа қосуға болады.

Журналист сотта фото түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция немесе интернетте бейнетрансляция жүргізуге өтініш бере ала ма?



Мысалы, жариялықты шектеу туралы және кино мен фото түсіруге, бейнежазба жасау, тікелей радио және телетрансляция жүргізу т.б. туралы өтінішті процеске қатысушылар (тараптар) ғана бере алады. Журналист процеске қатысушы тарап болып саналмайды, сондықтан ондай өтініш беруге құқығы жоқ.

Судья өзі қарап жатқан іс бойынша түсінік пен түсіндірме бере ала ма?



Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Дегенмен судья журналиске істі қараудың процестік кезеңі туралы мәлімет бере алады. Сот актісіне түсіндірме беру қажет болса, судья-координатор БАҚ-қа немесе соттың баспасөз қызметі арқылы түсіндірме бере алады.

Адвокаттың түсіндірмесі керек болса не істеу керек?



Іс ашық сот отырысында қаралып жатса, журналист адвокаттан түсіндірме сұрай алады. Сондай-ақ процесс барысында жасалған өтініштерге, сараптама нәтижелеріне, куәлардан, жәбірленушіден жауап алуға, сот актісін даулаудың кезеңдері мен негізіне т.б. қатысты түсіндірме сұрай алады. Адвокат журналистке құжатталған ақпаратты (процестің аудио-жазбасын, сот актісін, өз өтініш хатын, сот отырысы хаттамасын т.б.) ұсына алады, бірақ адвокат клиенті үшін тиімді ақпаратты ұсынуға мүдделі тұлға екені есіңізде болсын.

Журналист сот процесін баяндаған кезде айыптаушы тарап пен қорғалушы тарапты тепе-тең ұстауға тиіс, әйтпесе материалы сотқа қысым көрсету ретінде бағалануы мүмкін.

Сот актісін қай ашық көзден алуға болады?



Сот актілері банкiсi (<http://sud.gov.kz/rus/content/bank-sudebnyhaktov>) және сот кабинеті (<http://office.sud.kz/forumtaldau/forum.xhtml>).

Бұл сайтта азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот актілері; бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттар қабылдаған сот актілері жарияланады.

Сот актілері банкiсiнде сот актісін таба алмасаңыз не істеу керек?



Соттың сот архивіне жүгінуіңіз керек. Ол үшін істі қараған соттың төрағасының атына сот актісін алу туралы сауал жолдауыңыз керек.

Интернет ресурста сот актілерінің бәрі жариялана ма?



Заңды күшіне енген сот актілері интернет ресурста осы баптың екінші бөлігінде және «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Жеке мәліметтер мен оларды қорғау туралы» және т.б. заңдарда көрсетілген шектеулерді ескере отырып жарияланады.

БАҚ-та балалар туралы ақпарат таратудың қандай қағидалары бар?



Редакция мына нәрселерді: құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен немесе әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзу жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандардың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз тікелей немесе жанама көрсететін мәліметтерді жария етуге құқылы емес. Бұл норма ата-аналары және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасауда сот кінәлі деп таныған кәмелетке толмағандарға тарамайды.

Қылмыстың құрбаны туралы мәліметті оның келісімінсіз және «қоғам мүддесі» бар екенін біле тұра таратудың салдары қандай болуы мүмкін?



Жеке өмірге қолсұғылмаушылық бұзылғаны туралы, әсіресе жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс туралы болса, талап қоюы мүмкін.

Адамды сот үкімі шыққанға дейін қылмыскер деп атаса, ал апелляция ол адамды ақтаса, салдары қандай болуы мүмкін?



Ар-намысын, қадір-қасиетін, іскерлік беделін қорғау туралы, моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюы мүмкін.

ШАҒЫМНЫҢ ҮЛГІСІ

Кімге (соттың атауы)

Кімнен (деректеріңіз)

ШАҒЫМ

Судьяның сот процесінің жариялығын шектеу жөніндегі құқыққа қарсы әрекетіне.

Істің мән-жайын (азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік іс қай сотта қаралғанын, төрағалық етуші судьяның аты-жөнін) көрсетіңіз.

Судьяның нақты қай әрекетін құқыққа қарсы деп санайтыныңызды және онысы неде көрініс тапқанын жазасыз.

Қажет деп санаған кез келген басқа деректі көрсетісіз.

Талабыңыз (осы шағым бойынша тексеру жүргізу, сондай-ақ судьяны жауапкершілікке тарту).

Қолыңыз және күні.

ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАР (жобасы)

Қазақстан сот журналистері лигасы

Сот журналисінің 15 принципі

ПРЕАМБУЛА

Қазақстан сот журналистері лигасы:

- қоғам үшін маңызды оқиғаларды, оның ішінде ашық сот процестерін көпшілікке баяндау әділдік орнауына көмектесетініне және демократияның негізі екеніне **сенеді**;
- журналист мамандығы қоғамға шын, объективті, тепе-тең, өзекті ақпарат беру деп **санайды**;
- сот жүйесі мен БАҚ-қа деген қоғамның сенімін арттыру үшін сот журналистикасы принциптерін қабылдауға және ұстануға **үндейді**.

I. ЖАЛПЫ ПРИНЦИПТЕР

1. **Қоғам мүддесі.** Журналист сот жүйесінің қызметі мен нақты сот ісі қаралуын баяндағанда қоғам мүддесін басшылыққа алады.
2. **Тепе-теңдік.** Журналист ақпаратты шынайы және алаламай ұсынады, қоғам пікірін қалыптастырудағы жауапкершілігін түсінеді, пікір, бағалау және көзқарас тепе-теңдігін сақтайды.

3. **Белгілі тұлғалар туралы баяндау.** Журналист азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын (оның ішінде жеке өмір құпиясына құқығын) көзқарасына, ұлтына, дініне, нәсіліне, қоғамдағы мәртебесіне қарамастан құрметтейді. Белгілі адамдарға қатысты оқиғаларды баяндауға ұмтылыс қоғамның ақпарат алу мүддесінен және қоғамның сот жүйесінің қызметі туралы ақпаратты білу, алу және қол жеткізу құқығынан туады.
4. **Қауіпсіздік.** Журналист өзі қауіпсіздігі мен әріптестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соттағы жүріс-тұрыс ережесін ұстанады және тұлғасын анықтауға қажет құжаттарды алып жүреді.
5. **Нәзік тақырыптар.** Журналист балаларға, әйелдерге, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектелген адамдарға; баспана іздеуші адамдарға; діни, этникалық және басқа да топтардың өкілдеріне қатысты нәзік тақырыптарды баяндағанда олардың құқықтарын сақтайды және алалау мен кемсітуге жол бермейді.

II. АРНАЙЫ ПРИНЦИПТЕР

1. Журналист сот отырысы тәртібін ұстанады, сот талқылауы барысына кедергі келтірмейді және араласпайды.

Мұны қалай түсінеміз?

Сот ғимаратына кешікпей келген жөн, сот процесі басталып кеткен болса журналисті сот отырысы залына кіргізбеуі мүмкін. Журналист қызметтік куәлігін алып жүруге және қажет кезінде көрсетуге тиіс. БАҚ қызметкерінің сот отырысы залына процесті баяндауға қажет телефон, диктофон, компьютер, видеокамера және басқа техниканы алып кіруге құқығы бар. Сот отырысы басталар алдында гаджеттердің дыбысын міндетті түрде өшіру керек.

Сот талқылауы барысында сот залынан шығуға немесе залда жүруге болмайды. Аса қажет кезде қолын көтеріп, процеске қатысушылардың сөзін бөлмей, судьядан залдан шығуға рұқсат сұрауы керек. Бір шығып кеткен соң сот отырысы залына қайта кіре алмайды.

Тіпті қатты қажет болса да орнында отырып айқайлауға болмайды. Сот отырысы – баспасөз конференциясы емес. Журналистің сот отырысы барысында сұрақ қоюға, өтініш жасауға құқығы жоқ.

Журналист жоғарыда айтылған ережелерді ескергенімен, оны ашық сот процесіне кіргізбесе немесе кіргізіп, бірақ кейін судьяның, прокурордың немесе тараптардың өтінішімен шығып кетуі ұсынылса не талап етілсе, ол туралы қалалық (облыстық) соттың баспасөз қызметіне, БАҚ жөніндегі үйлестірушісіне

немесе ҚР Жоғарғы сотының баспасөз қызметіне дереу хабарлау керек.

2. Журналист сотты және сот процесіне қатысушыларды құрметтейді.

Мұны қалай түсінеміз?

Қажет болса судьяға «Құрметті сот», «Мәртебелі сот» деп сөйлейді. Сотқа қысым көрсетуге болмайды. Процеске қатысушылардың сот отырысына дейінгі және кейінгі пікірін жазып отырған кезде тараптардың жеке эмоциясына қарамастан өзін сыпайы және әдепті ұстайды.

Материалды жинау және дайындау барысында кімге қатысты болса да балағат, әдепсіз, намысқа тиетін лексика мен ым-ишара қолдануға болмайды.

Процеске қатысушылар тарапынан әдепсіз мінез-құлық, негізсіз айыптау, намысқа тию және т.б. қылық көрсетілсе, конфликтіге бой бермей, болып жатқанның бәрін видеоға түсіру керек және мәселені құқықтық жолмен шешу керек.

3. Журналист жеке бейнеге құқықты құрметтейді.

Мұны қалай түсінеміз?

Журналист сот залында фото және/немесе бейнежазба жүргізе алады. Процесс басталған кезде судья тараптардан олардың бейнесін пайдалануға қатысты пікірін сұрауға тиіс. Журналист олардың пікірін ескереді. Дегенмен журналист тараптардың

пікіріне қарамастан, судьяны, хатшыны, прокурорды, қатысушы тыңдаушыларды түсіре алады.

4. Журналист кінәсіздік презумпциясын құрметтейді және сақтайды.

Мұны қалай түсінеміз?

Журналист соттың шешіміне ықпал ете алмайды, дегенмен процестік терминдерді пайдаланған кезінде нақтылықты, дәлдікті және сыпайылықты сақтағаны жөн. Демек, сот актісі шыққанға және заңды күшіне енгенге дейін айыпталушыны «жемқор», «ұры», «алаяқ», «қаскүнем» және т.б. сияқты сөздермен атау әдепсіздік. Оның орнына «пара алды деп күдік келтірілген», «ұрлық жасаған деген кінә тағылған», «адам өлтірді деп айыпталған» және т.б. сияқты жазған дұрысырақ болады.

5. Журналист жеке өмір құпиясына құқықты құрметтейді.

Мұны қалай түсінеміз?

Заң бойынша сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері туралы істер, кәмелетке толмағандарға байланысты істер (сонымен қатар мемлекеттік құпиялары, коммерциялық құпиялары бар істер) жабық режимде қаралады. Дегенмен журналистер көбіне осы процестерге қатысушылардың пікірін сұрап жатады. Ондай кезде жәбірленушінің аты-жөнін оның келісімінсіз атауға болмайды. Тіпті жәбірленуші келісімін берсе де оның атын атамаған

жөн. Жәбірленуші психологиялық жай-күйіне байланысты кейін өкінетіндей бұрыс шешім қабылдауы мүмкін. Жәбірленушінің бетін көрсетпеген де жөн.

Кәмелетке толмағандардың да атын атауға және бетін көрсетуге болмайды.

Сот құпия немесе интим ақпаратты білетін қандай да бір куәлар айғақ берген кезде БАҚ өкілдерін уақытша шығарып жібере алады.

Процеске қатысушылардың жеке деректерін – ұялы телефон нөмірін, тұрғылықты мекенжайын жария етпеген жөн.

Медициналық диагноз құпиясы деген бар. СПИД, ВИЧ, шизофрения және басқа психикалық аурулар сияқты диагноздарды жария етуге болмайды. Мақалада және сюжетте ондай науқастардың тегін тіпті прокурор атаса да көрсету этикаға сай емес. Одан бөлек, процеске қатысушылар басқа да кез келген диагнозды жария етуге қарсы болуы мүмкін.

6. Журналист зорлық-зомбылық пен қылмысқа үндейтін материалды жарияламайды.

Мұны қалай түсінеміз?

Экстремизм, терроризм, адам өлтіру және басқа істер бойынша сотталушының айтқанының бәрін мақала мен сюжетте тираждай беруге болмайды. Сотталушы заңға қарсы зорлық-зомбылық әрекеттерге, әлдебіреуді өлтіруге, әлденені жарып жіберуге және т.б. үндесе де, олардың сөздерін келтіру-

ге болмайды. Сондай-ақ тыйым салынған заттарды, мысалы есірткіні тарату тәсілдерін, жасау рецептерін көрсетуге болмайды.

7. Журналист кез келген кемсітуден аулақ болады.

Мұны қалай түсінеміз?

Қай іс туралы сөз болса да, адамның ұлтына, дініне, кәсібіне, сексуалдық бағдарына, жынысына, жасына, тәндік ерекшеліктеріне (фигурасына, шаш үлгісіне және т.б.) қарай алалайтын, кемсітетін және тіл тигізетін сөз қолдануға болмайды. Бұдан аулақ болу керек және кез келген адамның жеке басына тіл тигізбеу керек. Судьяның немесе процеске қатысушының сырт келбеті, ұлты, діні, сексуалдық бағдары олардың әрекеттерінің заңдылығы мен құқыққа сай болуына қатысы жоқ.

8. Журналист процесті баяндау барысында объективті болады және алалауға жол бермейді.

Мұны қалай түсінеміз?

Сот процесін баяндау барысында тараптардың бәрінің көзқарасын жария ету керек. Журналист тараптар туралы не ойласа да, материалда тараптардың бірін қолдауына болмайды. Журналист сот процесі туралы барынша мазмұнды контекст ұсынуға тиіс. Тараптардың бірі пікір білдіруден бас тартса, материалда дәл солай көрсеткен жөн.

9. Журналист эмоциясын, пікірін және бағалауын нақты фактілерден ажыратып қарайды.

Мұны қалай түсінеміз?

Әдетте сот барысы эмоцияға толы болады, тіпті кей жағдайда тараптардың эмоциясы жоғары болатыны сонша, журналиске фактіге зейін қою қиынға соғып жатады. Мысалы, жәбірленушінің сотталушы туралы «мына алаяқ бүкіл қаланы тонап бітті» деген сияқты ауызша сөзі – эмоция. «Сот не шешім қабылдайды?» деген сұраққа жауап – еш күші жоқ пікір ғана. Сотқа қысым көрсететін пікір мен бағалаушы тұжырым жариялаудан аулақ болған жөн. Мысалы, «Сот әділетсіз боларына және қылмыскерді ақтайтынына сенімдімін». Тараптардың сот актісі жарияланғаннан кейін сот талқылауына қаншалықты көңілі толатыны және апелляциялық шағым беретіні туралы пікірі – факт.

10. Журналист сот жүйесі иерархиясын ұстанады.

Мұны қалай түсінеміз?

Бірінші сатыдағы соттың (аудандық және оған теңестірілген, ауданаралық мамандандырылған соттардың) шешімін немесе үкімін баяндау барысында бұл істің аяғы емес екенін есте сақтаған жөн. Тараптар шешімге немесе үкімге жоғары тұрған сотқа – қалалық, облыстық немесе Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына шағым жасай алады. Бұл кезде сотталушы сотталған адам болады, бірақ

әдеп сақтау үшін үкім заңды күшіне енбегенін және оған шағым түсіруге болатынын көрсеткен жөн.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭТИКА НОРМАЛАРЫ

КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ

Германия

Публицистика принциптері (баспа кодексі), 13.1-директива:

Сот шешімі шыққанға дейін талқылау/сот шешімі шыққаннан кейін материалдарды жариялау

Тергеу мен сот процесі барысы туралы материалдарды жариялаудың мақсаты – қоғамға қылмыс туралы, сондай-ақ қылмысты тергеу мен соттың саралауы туралы мұқият тексерілген ақпарат жеткізу. Сот үкімі жария етілгенге дейін тіпті айыпталушы мойындап тұрса да кінәсіздік презумпциясы болады. Тіпті қоғам оның қылмысқа қатысты екенін анық біліп тұрса да, айыпталушыны сот үкімі шыққанға дейін кінәлі (сотталған) деп көрсетуге болмайды.

Сот үкімі шыққанға дейін айтылған мұндай сөз адамның ар-намысын қорғаудың қылмыскерлерге де еш шектеусіз қолданылатын конституциялық-құқықтық принциптерін бұзады. Құқықтық мемлекетте материалды жариялаудың мақсаты – сотталған адамды «баспасөзде таңбалау» арқылы қосымша қоғамдық жазалау болмауға тиіс. Сондықтан баспасөз материалдарында күдік пен дәлелденген кінәнің шекарасы қатаң сақталуға тиіс.

Баспасөз аты аталған адамды немесе оқырман қауымына белгілі адамды сот үкімі шыққанға дейін кінәлі деп атаса, кейін ақтау үкімі шыққаны туралы да неме-

се айып жеңілдетілгені туралы да, егер сол адамның заңды мүддесіне қайшы келмесе, хабарлауға тиіс. Бұл кеңесіміз тергеу өндірісі қысқартылған жағдайға да қатысты.

Тергеу мен сот процесіне қатысты сын мен пікір сол процестерді баяндаудан бөлек айтылуға тиіс.

Финляндия

Сапалы журналистік практика жөніндегі кеңес, Жеке адамды қорғау:

27. Сот очеркінде немесе репортажында адамның кінәсі туралы айтылмауға тиіс; сот отырысы қалай аяқталуы мүмкін екені жайында болжам да айтылмауға және жазылмауға тиіс.
28. Журналист адамның ұсталғаны, қамауға алынғаны, айып тағылғаны туралы материал жазса немесе жарияласа, журналистің кәсіпқойлығының белгісі – оқиғаның дамуы барысын баяндағаны және сот процесі туралы материалдарды сот үкімі шыққанға дейін дайындағаны.

ҚЫЛМЫСТЫ БАЯНДАУ

Германия

Публицистика принциптері (баспа кодексі)

Зорлық-зомбылық қылмыстарын баяндау

Зорлық-зомбылық қылмыстары туралы немесе зорлық-зомбылық қылмысы жасалуы қаупі туралы баяндаған кезде баспасөз басым мақсаттарын мұқият анықтап алады: қоғамның сол ақпаратты алуға қызығушылығы ма, әлде жәбірленуші мен басқа да қатысы бар тұлғалардың мүддесі ме? Баспасөз мұндай оқиғалар туралы тәуелсіз және объективті түрде баяндауға тиіс, сондай-ақ қылмыскерлердің құралына айналмауға тиіс. Журналист қылмыскер мен полиция арасында өз бетінше делдал ролінде болмауы керек. Қылмыскерден қылмыс үстінде сұхбат алуына болмайды.

Жазатайым оқиға / апат

Жазатайым оқиғалар мен апатты баяндауда құрбандардың қайғысы мен олардың жақындарының сезіміне құрмет шегінен шықпау керек. Зардап шеккендер оқиғаны баяндау салдарынан қайтадан құрбан болмауы керек.

Өзін өзі өлтіру туралы хабарлау

Өзін өзі өлтіру жағдайы туралы баяндағанда байсалды болу керек. Бұл әсіресе адам аттарын жариялағанда және қосымша мән-жайларды баяндағанда керек. Мысалы, қоғам үшін құны зор заманауи маңызды оқиға туралы айтқанда байсалдылыққа мән бермеуге болады.

Адамның аты-жөнін / суреттерін жариялау

Ауыр қылмыс жасады деген күдіктінің, айыпталушының толық аты-жөнін және/немесе фотосуретін жариялау – жекелеген жағдай, егер бұл қылмысты ашу мақсатында болса және күдіктіні қамауға алу туралы бұйрық берілген болса немесе қылмыс қоғамның көз алдында жасалған болса орынды болады. Күдікті кінәсіз болуы мүмкін екенін болжауға негіз болса, онда оның аты мен фотосуретін жариялауға болмайды.

Қылмыс туралы материалдар

Қылмыс туралы материалдарды жариялағанда, күдіктінің немесе қылмыскердің қандай да бір діни, этникалық немесе басқа азшылық топқа жататынын онысы істің сипатталып отырған мән-жайын жақсырақ түсінуге көмектесетін болса ғана көрсету керек.

Әсіресе мұндай мәліметті көрсету қорғауды қажет ететін азшылық топтарға қатысты қате пікір тудыруы мүмкін екенін есте сақтаған жөн.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР

Германия

Публицистика принциптері (баспа кодексі), 13.2-директива

Жастар жасаған қылмыстар

Баспасөз жастар жасаған қылмыстар туралы және олардың соттағы мінез-құлқы туралы материал жариялағанда олардың келешегін ескере отырып айрықша байсалдылық танытуға тиіс. Бұл кеңес қылмыстан жәбірленуші жас болған жағдайға да қатысты.

ҚҰРБАНДАР МЕН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР

Ұлыбритания

Жүріс-тұрыс кодексі

Бөтен адамның қайғысына араласу

Есеңгіреткен немесе жабырқау халге соқтырған қайғылы жағдайда журналист адамның жауабын сабырлы және мұқият тыңдауға тиіс. Мұндай жағдайда ақпарат таратуға болады, бірақ ақпарат сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қорытындысынан бұрын шықпауы керек.

Сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандары

Балалар және сексуалдық қылмыстар:

1. Баспасөз сексуалдық қылмыстың құрбаны болған немесе куәсі болған 16 жасқа толмаған балалардың тұлғасын тіпті заң тыйым салмаса да анықтамауға тиіс.
2. Баспасөздің сексуалдық қылмыс туралы кез келген хабарында::
 - а) баланың тұлғасын анықтауға болмайды;

- b) ересек адамның тұлғасын анықтауға болады;
- c) материалда сексуалдық зорлық-зомбылық құрбаны болған баланың тұлғасы анықталатын болса, «инцест» сөзін қолданбаған жөн;;
- d) айыпталушы мен баланың қарым-қатынасы туралы айтқанда абай болу керек.

ҚР НОРМАТИВТІК БАЗАСЫ

ҚР Конституциясы (18, 20-баптары).

«Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы»
Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңы.

ҚР Азаматтық процестік кодексі (19-бап. Сот талқылауының жариялығы).

ҚР Қылмыстық процестік кодексі (29-бап. Жариялылық).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі (24-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің жариялығы).

«**Бұқаралық ақпарат құралдары туралы**» **ҚР Заңы** (2-бап. Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы. 19-бап. Теріске шығару не жауап беру құқығы. 20-бап. Журналистің құқықтары. 21-бап. Журналистің міндеттері. 25-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық. 26-бап. Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін жауаптылықтан босатылатын жағдайлар).

«Қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің жариялылығы принципін сақтау туралы». **Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы нормативтік қаулысы.**

Судьялық әдеп кодексі (2-бап).

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (14-бап. Сот пен трибунал алдында жұрттың бәрі тең. 17-бап. Әрбір адамның осындай озбырлық пен қол сұғушылықтан заңмен қорғалуына құқығы бар. 19-бап. Әрбір адам өз ой-пікірін еш кедергісіз ұстануға құқылы.

